



ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫ ҚАЛАЙ ӨТТІ?

20 қараша қазақ елі үшін ерекше күн болды. Республика халқы ел болашағы үшін, кемел келешек үшін кезектен тыс өткен президент сайлауында дауыс берді.

Бұл сайлаудың бір ерекшелігі – жеңіске жеткен президент міндетін 7 жыл атқарады.

Биылғы президент сайлауына барлығы алты кандидат қатысты. Олардың қатарында «Кәсіби әлеуметтік қызметкерлердің ұлттық альянсы» үкіметтік емес ұйымынан Қарақат Әбден, Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясынан Нұрлан Әуесбаев, «Ауыл» партиясы ұсынған кандидат Жигули Дайрабаев, «Аманат» Қазақстанның кәсіподақтар ынтымақтастығы» республикалық кәсіподақтар бірлестігі атынан Мейрам Қажықен, «Қазақ аналары – дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігі ұсынған Салтанат Тұрсынбекова мен халықтық коалиция ұсынған Қасым-Жомарт Тоқаев бар.



Жалпы кезектен тыс президент сайлауы қалай өтті?

Бұл күні халық өз таңдауларын жасау үшін сайлау учаскелеріне қарай ағылды. Қызылорда қаласының тұрғындары да өз таңдауларын жасау үшін, сайлауға барды.

Қызылорда қаласында барлығы 120 сайлау учаскесі жұмыс істеді. Сайлаушылар таңғы сағат 7.00-ден бастап, кешкі сағат 20.00-ге дейін өз таңдауларын жасады. Өз сайлау

учаскеніңді «109 бірінғай байланыс орталығына» хабарласу арқылы, Ұялы телефон арқылы «Smart Qyzylorda» мобилді қосымшасынан немесе saylau.org.kz сілтемесіне кіріп, «Өзінді сайлаушылар тізімінде тексер» деген атаумен арнайы баннерден білуге мүмкіндік болды.

Қала әкімі Асылбек Шәменов Ә.Мүсілімов атындағы №101 мектепте орналасқан №263 учаскесіне барып, дауыс берді.

Қызылорда қаласында мүгедектігі бар азаматтарға арналған арнайы №366 дауыс беру учаскесі жұмыс

жасады. Аталған учаскеде дауыс беру кезінде ерекше жағдайларды қажет ететін мүгедектігі бар 188 сайлаушы тіркелген. Үйінде дауыс беретін сайлаушыларға сайлау учаскелерінің комиссия мүшелері заңдылықтар мен ереже-талаптарды сақтай отырып, өз таңдауларын жасауға жылжымалы жәшіктер арқылы мүмкіндіктер жасалды.

Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері КСРО Ағарту ісінің үздігі, Қызылорда қаласының құрметті азаматы Подольский Марк Захарович дауыс беруге ерте келіп, өз таңдауын

жасады. 90-ның төріне шыққан ардагерге алғашқы даус беруші ретінде құрметпен сый-сияпат көрсетілді.

Сонымен қатар қаламыздағы Абай атындағы мамандандырылған мектепте орналасқан №353 сайлау учаскесінде жас жұбайлар дауыс берді.

Жаңадан отау құрған Ербол Қазиханов пен Әйгерім Толыбек отбасын құрған күні өз таңдауын жасады.

25 жастағы Ербол Қазиханов «Еліміз үшін де, өзіміз үшін де өте маңызды күні өз таңдауымызды жасадық» деп атап өтті.

2 бетте

Мына қоғамда бір баспанаға зәру отбасы аз емес. Әркімнің босағасын аттап, біреудің үйінің есігінің алдындағы уақытша баспананы жалдап жүргендердің санын дәл айту да қиын. Долбармен мынша деуге де болмайды. Пәтер жалдап жүргендері қаншама. Оның басым көпшілігі қазақ екенін естен шығармау керек. Осыдан тура 11 жыл бұрын, егемендігіміздің 20 жылдығында «Тәуелсіз еліміз деп шаттанамыз, Несіне жетісіп мақтанамыз? Үйсіз, күйсіз қаңғыбас қазақтарға, Толып кетті Алматы мен Астанамыз», – деп өлең шығарып, шымбайға батқан баспана жайын шырқырата жырлаппыз. Одан бері де 10 жылдан астам уақыт өтті. Мындаған отандасымыз баспаналы болды.



БІР ҚАЗАҚ ҮЙЛІ БОЛСА ҚУАНАМЫН

Тұрғындарды баспанамен қамту бойынша Сыр елінде де атқарылған іс аз емес. Соның бір дәлеліндей жуырда Сырдария өзенінің сол жағалауында 40 пәтерлі үй елімізге берілді. Бұл үйдің көпбалалы отбасыларға берілгенін атап өткен жөн.

Көпбалалы үйді игілікке беріп, тұрғындарына пәтер кілтін табыстау салтанатына облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен ел ағалары қатысты. Аймақ басшысы 40 пәтерлі жаңа арендалық көпбалалы тұрғын үйді тарту етіп, көпбалалы отбасыларды қоныс тойымен құттықтады.



– Туған жеріміз Қызылорда қаласы соңғы уақытта қарқынды құрылыс аймағына айналды. Зәулім ғимараттар бой түзеп, жаңа ықшам аудандар салынып, шаһардың сәулеттік келбеті көркейе түсті. Нәтижесінде облыс орталығы соңғы уақытта қарқынды құрылыс аймағына айналды. Бүгін салтанатты түрде сол жағалау аймағынан іргесі көтерілген жаңа арендалық көпбалалы тұрғын үйді жерлестерімізге тарту ету үшін жиналды. Шаңырақтарыңызға шаттық орнап, әр отбасына жақсылық, ынтымақ пен бірлік, амандық тілеймін, – деді облыс басшысы.

Шарада қоғам қайраткері Айтбай Көшербаев тұрғындарды қуанышпен құттықтап, ақ тілегін арнаса, баспаналы болған аналар атынан сөз сөйлеген Әйгерім Нұрадинқызы шексіз қуанышқа кенелгенін жасырмады.

– Мен 5 баланың анасымын. Бүгін қонысқа кіріп, қуанышқа кенелудеміз. Қобалжып та тұрмын. Балаларымның жылы әрі кең үйде тұрып, лайықты білім алғанын қалайтыным. Шүкір, баспаналы болу бақытын біз де сезіндік. Шаңырағымызда тек жақсылық орнасын, – деді ол ағынан жарылып.

Айта кетейік, «Асар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің есебінен 2600 шаршы метрлі құрайтын 5 қабатты 40 пәтерлік арендалық тұрғын үй ұзақ жылдан бері кезекте тұрған көпбалалы аз қамтылған отбасыларға берілді.

Биыл қаржыландырудың барлық көздері есебінен 683 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланған. Аймақта «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында 1764 пәтерді құрайтын 41 тұрғын үй салынады. Оның ішінде 1044 пәтерді құрайтын 26 тұрғын үй жыл аяғына дейін елімізге беріледі.

Несін жасырамыз, бір қазақ үйлі болса қуанамыз. Үйсіз қазақ көрсек, жүрегіміз ауырып, қалай көмек берсек екен деген ойға шомам. Бұл – халқын, Отанын шын сүйетін, қастерлейтін, кадр тұтатын әр азаматтың жүрек түкпіріндегі сөз.

Әзіз ЖҰМАДІЛДӘУЛЫ

АНАҒА ТАҒЫМ ЕТКЕН КҮН

Қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов: «Жұмақтың кілтті ананың табанының астында» деп қашанда тіршіліктің бастауында аналардың тұратынын айтып өткендей. «Баламың табанына шөңге кіргенше, менің маңдайыма кірсін» дейтін аналар қауымы жылы жүрегімен, нұрлы жүзімен адамзат баласына шаттық сыйлап келеді. Бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербететін аналарға қандай құрмет көрсетсек те артық етпейді.



Жуырда «Анаға тағым» орталығының құрылысы басталды. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыр еліне белгілі кәсіпкер, меценат Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен бастау алған «Анаға тағым» орталығының құрылысымен танысып, кірпішін қалау рәсіміне қатысты.

Құны 1,5 млрд теңгені құрайтын заманауи үлгідегі орталық өңірміздің қыз-келіншектеріне, жас отбасыларға, балаларға ұлттық құндылықтарды дәртіптеп, әдет-ғұрып, салт-дәстүрді жаңғыртуға мол мүмкіндік бермек.

Іс-шарада облыс әкімі жаңа орталықтың Сыр елінде еңсе тіктеп, бой көтеруінің үлкен символикалық мәні бар екенін тілге тиек етті. – Қоғам игілігіне қызмет етуді басты қағида еткен туған жерге жанашыр азамат, белгілі кәсіпкер Марат Базарбайұлы өңірмізде «Анаға тағым» орталығын салуға ниет білдірді. Ана – тек отбасының берекесі ғана емес, елдің ынтымағы мен несібісіне тілекші, бірліктің

ұйытқысы. Келешекте жас отбасылар мен кейінгі буын жастар бұл орталықтан рухани құндылық алады деп сенеміз. Барша Сыр халқы атынан шексіз алғысымызды білдіреміз, – деді аймақ басшысы.

Небір ғалымдар мен ел билеген патшалардың өзі аналардың алдында дәрменсіз. Ананың бойындағы қасиеті балаға ақ сүті мен тәлімі арқылы беріледі. Зере мен Ұлжандай аналардың тәлімін алған Құнанбай мен Абай тарихи тұлғаларға айналды. Шоқан да ел анасы атанған Айғаным әжесінің тәрбиесін көрген. «Алып анандан туады» деген тәмсілдің негізінде шындық жатыр. Осы қағиданы негіз етіп салынатын жаңа нысандар қыз-келіншектердің сәні мен сымбатты жүруіне арналған арнайы бөлмелер, тұрмыстық жағдай және қонақ

күту кабинеті, аруларға жан-жақты психологиялық көмектер беретін кабинеттер болады. Сондай-ақ шығармашыл жандарға бағытталған әдебиет және поэзия, дизайн студиясы мен би орталығы және жас отбасыларға қызмет көрсету бөлмелері болады деп күтілуде.

Іс-шарада батыр ана Сәкен Ағатаева сөз алып, ұлттық құндылықтарды дәртіптеу ата-бабадан келе жатқан дәстүр екенін тілге тиек етіп, бұл орталықтың жас аналарға, бойжеткендерге берері мол боларын жеткізді.

Иә, осылайша тағы бір күн тарих қойнауына енді. Жәй енген жоқ, анаға құрмет көрсеткен аймақта анаға тағым жасаған күн ретінде есте қалары сөзсіз.

А.АҚЫЛБЕК

СҰХБАТ

Тағы бір жыл аяқталуға жақын. Бұл жыл Қызылорда қаласы үшін жемісті болды деуге негіз бар. Әсіресе биыл құрылыс саласы қарқынды дамып, облыс орталығында маңызды жобалары нысандардың іргетасы қаланды. Міне, осыған орай қалада 9 айдың көлемінде атқарылған жұмыстар туралы қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Айдын Әнуармен сұхбат құрдық.



ЕКІ АУЫЛДА МӘДЕНИЕТ ҮЙІ САЛЫНАДЫ

2 бетте

Баспасөз-2023

**АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ
АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?**

Баспасөзге 2023 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын!
Жекелер үшін 6 айға – 2500 теңге, мекемелер үшін – 3500 теңге.
Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.

ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫ ҚАЛАЙ ӨТТІ?

Орталық сайлау комиссиясы күні бойы учаскелердің ашылуы және дауыс берудің басталуы туралы ақпарат беріп отырды. Сондай-ақ әрбір екі сағат сайын ҚР ОСК мүшелері дауыс берушілердің келуі туралы облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, елорданың аумақтық комиссияларының деректерін беріп отырды.

Барлығы 10101 учаске жұмыс істеді. Оның 68-і шетелде орналасқан.

Сайлауда шетелдегі Қазақстан азаматтары елде жүрген азаматтарға қарағанда белсендірек дауыс берген.

«Шетелдегі 68 сайлау учаскесінің жұмысы бітті. Онда Қазақстанның 11360 азаматы дауыс берді, яғни сайлауға 12841 адамның 88,47%-ы барды», – деп хабарлайды Сыртқы істер министрлігі.



оң өзгеріс байқалды. Себебі жасынан жасамысына дейін азаматтық құқығын пайдалана отырып, жауапкершілік танытып, ел үшін таңдау жасады. Тасбөгет кентінде орналасқан сайлау учаскелері өз жұмысын жоғары деңгейде атқарды. Тұрғындардың саяси белсенділігінің артуы, ел ертеңіне сенім білдіруі мені қуантты. Бұл – тек біздің кентте ғана емес, облыс бойынша қарқын алған нақан.

Бұл сайлауды еліміздегі саяси жүйені қайта жаңғыртудың тегігі ретінде қарастыруымыз керек. «Ерім дейтін ел болмаса, еліміз дейтін ер қайдан тусын» – демекші, ел болып, халық болып, еліміз үшін таңдау жасамасақ, жаңа дәуірге

Бұл сайлау учаскесінде де өз таңдауын жасағандар қатарында ерекше сайлаушылар кездескен. Соның ішінде отбасымен, балаларымен және тіпті кандидаттарды балаларға таныстырған сайлаушылар болған. «Кішкентай балаларын ертіп келіп, сайлаудың не екенін, президенттің қызметін және кандидаттарды таныстырған азаматтарды көрдік. Сайлауға асығып, маңызды күнде өз таңдауын жасағандар қатарында егде жастағы тұрғындарымыз да болды. Сондай-ақ біздің учаскеге қарасты үйінен дауыс беретін тұрғынның костюм киіп, қызметкерлер келгенде «Мен сендерді құттым, келмейді ме деп қорықтым» деп саяси науқанға бейжай қарамайтынын көрсеткен. Бұл әрбір адамға сайлаудың маңыздылығын түсіндірері анық», – дейді учаске төрайымы.

№278 мектеп-лицейде орналасқан сайлау учаскесіне ең бірінші болып дауыс беруге келген тұрғын таңғы сағат 5.50-де келген. Ал ең соңғы дауыс беруші кешкі сағат сегізге үш минут қалғанда жүгіріп келіп дауыс беріп, үлгергеніне қуанған. Сайлаушылардың арасында ең бірінші келген, ең бірінші рет таңдау жасаған және егде жастағы сайлаушыға арнайы сыйлықтар табысталған.

Ал №354 сайлау учаскесіне бақылаушылар таңғы сағат 5.30-дан келе бастаған. Олар өздерін таныстырып, келген партия немесе қоғамдық



Республика бойынша учаскелерде дауыс беру сағат 20.00-де аяқталды. Сағат белдеулерінің шекараларына сәйкес бес өңірде (Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қызылорда және Маңғыстау облыстары) дауыс беру елорда уақыты бойынша сағат 21.00-де аяқталды.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, елорданың комиссиялары ұсынған деректерге сәйкес, 2022 жылғы 20 қарашада елорда уақытымен сағат 22.00-дегі жағдай бойынша тізімге енгізілген азаматтардың жалпы санының 69,43% бюллетень алды.

Оның ішінде өңірлер бөлінісі бойынша:

- Абай облысы бойынша – 80,18 %
- Ақмола облысы бойынша – 78,87%
- Ақтөбе облысы бойынша – 72,81%
- Алматы облысы бойынша – 72,10%
- Атырау облысы бойынша – 70,87%
- Батыс Қазақстан облысы бойынша – 68,67%
- Жамбыл облысы бойынша – 79,57%
- Жетісу облысы бойынша – 81,42%
- Қарағанды облысы бойынша – 78,39%
- Қостанай облысы бойынша – 79,28%
- Қызылорда облысы бойынша – 81,07%
- Маңғыстау облысы бойынша – 66,99%
- Павлодар облысы бойынша – 77,58%
- Солтүстік Қазақстан облысы бойынша – 79,01%
- Түркістан облысы бойынша – 80,37%
- Ұлытау облысы бойынша 75,48%
- Шығыс Қазақстан облысы бойынша – 79,49%
- Астана қаласы бойынша – 48,60%
- Алматы қаласы бойынша – 28,72%
- Шымкент қаласы бойынша – 59,79%.

Сайлауда заң бұзушылық тіркелген жоқ. Мұны ТМД байқаушылар миссиясының басшысы Сергей Лебедев айтты. ТМД байқаушылары науқан барысын жіті бақылады. Ұйымға мүше елдерден Қазақстанға барлығы 174 байқаушы келген.

Басы 1-бетте



ХАЛЫҚ БОЛАШАҚ ҮШІН ТАҢДАУ ЖАСАДЫ

Жасы бар, жасамысы бар бәрі тарихи күннің куәсі болды. Ел болып тағы бір саяси науқанды өткерді. Халық болашақ үшін таңдауын жасады. Кезектен тыс президент сайлауы өте жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Дауыс беру дұрыс және тыныш жағдайда өтті. Барлық жерде бақылау күшейтілді. Сайлаудың өз дәрежесінде өтуіне халық та үлес қосты. Сайлау туралы айтылған пікірлерге қарап он баға берілгенін бағамдай беруге әбден болады.

– Еліміздің тарихындағы тағы бір тарихи сәт өз мәресіне жетті. Бұл жолы да барша сырбылдық ауызбіршілік танытып, еліміздегі дауыс беру белсенділігі бойынша 81,07% сайлаушы дауыс беруге қатысып, Қызылорда облысы екінің орынға шығып отыр. «Ынтымақ – бұзылмайтын қорған, қосылып екен ағаш – орман», – дейді ұлы халқымыз. Еліміздің болашағы үшін маңызды сәтте, маңызды саяси науқанға бей-жай қарамай, сайлаудың өз дәрежесінде өтуіне үлес қосқан барша жерлестеріме алғысымды білдіремін. Қызылорда сайлауда белсенділік танытқаны қуантады, – дейді қалалық қоғамдық кеңес төрағасы Серік Дүйсенбаев.

– Кезектен тыс өткен сайлауда халықтың билікке деген көзқарасынан



қадам баспаймыз. Ел ертеңі – еліміз деп елжіреткен ерлер қолында, – дейді Тасбөгет кенті, жергілікті қоғамдастық кеңесінің төрағасы Ақылбек Арыстанов.

Қаламыздағы Байзақ Момынбаев атындағы №278 ІТ мектеп-лицейі қабырғасында орналасқан №349 және №354 сайлау учаскесінің басшысы Эльмира Азатбаева кезектен тыс президент сайлауының қалай өткендігі жөнінде кеңінен мәлімет берді.

– 20 қараша бүкіл қазақ елі үшін ерекше күн болды. Өйткені бұл күні біз елімізді басқаруды сеніп тапсыратын президентті сайладық. Осы саяси науқанда менің басқаруымдағы мектеп қабырғасында №349 және №354 сайлау учаскелері орналасты. Өзім төрайым болып сайланған №354 сайлау учаскесінде 2754 сайлаушы тіркеліп, 1412-і сайлауда өз таңдауын жасады, – деді №354 сайлау учаскесінің төрайымы Эльмира Кеделбайқызы.

ұйымынан берілген жолдамалары арқылы өз қызметін атқарған. Әртүрлі жастағы және түрлі қызмет саласының мамандарынан құрылған бақылаушылардың жалпы саны 10 адам болған.

Міне, қаладағы сайлау учаскесінде осындай қызықты сәттер болды. Exit poll-дың есебеі бойынша да, орталық сайлау комиссиясының алдын ала нәтижесі бойынша да Қасым-Жомарт Тоқаев 80 пайыздан астам дауыс жинаған. Бұл республика халқының сайлауға белсенді қатысқанын әрі өздері қалаған башыны таңдағанын білдіреді. Бұл сайлауда тұрғындар белсенділік танытқанын көрсетеді. Яғни қазақстандықтар өз мемлекеті үшін алаңдайды, кемел келешекке қадам басуды қалайды. Демек бұл сайлауда әркім өз таңдауын жасады.

Айтқолын АЙТЖАНОВА,
Суреттерді түсірген
Н.НҮРЖАУБАЙ



ЕКІ АУЫЛДА МӘДЕНИЕТ ҮЙІ САЛЫНАДЫ

– Айдын Серікұлы, жалпы биыл Қызылорда қаласында құрылыс саласына қанша қаржы бөлінді?

– Биыл құрылыс жобаларын салуға 18348,7 млн теңге бөлінді. Оның 209 млн теңгесі республикалық бюджеттен болса, 11139,7 млн теңгесі жергілікті бюджеттен. Соның ішінде тұрғын үй құрылысына 8070,1 млн теңге, инженерлік жүйелер жүргізуге 3653,9 млн теңге, сумен жабдықтауға 2239,8 млн теңге, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Қарауылтөбе, Талсуат ауылдық округтерінде 150 орындық клуб құрылыстарын салуға 574,2 млн теңге, газ жүйесін жүргізуге 2664,3 млн теңге, пәтер сатып алуға 1100,9 млн теңге, мемлекеттік органдардың нысандарын дамытуға 6,9 млн теңге, әлеуметтік қамтамасыз ету нысандарына 13,6 млн теңге және қаланы абаттандыруға 24,9 млн теңге қаржы бөлінді.

– Тұрғын үй құрылысы қалай жүргізілуде?

– «Тұрғын үй құрылысын салу» бағдарламасы аясында бөлінген қаржыға 2021 жылы басталған СПМК-70/2 тұрғын кварталында 50 пәтерлік он ипотекалық тұрғын үй құрылысы аяқталады. Жыл соңында пайдалануға жалпы көлемі 33 615 шаршы метрді құрайтын 500 пәтер беріледі. Сонымен қатар Сырдария өзенінің сол жағалауы №2 тұрғын кварталында 50 пәтерлік №34 тұрғын үй құрылысы кезекте тұрған отбасыларға беріледі, оның көлемі 3189,5 шаршы метр. 2022 жылы Сырдария өзенінің сол жағалауында №2 шағын ауданында жоба құны 8,5 млрд теңгені құрайтын ипотекалық 10 тұрғын үйдің құрылысын бастауға облыстық ішкі көздері кредиттер есебінен 3149066,0 мың теңге қаржы бөлінді. Бүгінгі күні мердігер мекемелері де анықталды. Құрылыс жұмыстары аяқталса жалпы көлемі 29907,2 шаршы метрді құрайтын 470 пәтер пайдалануға беріледі.

– Қаладағы инженерлік, коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту жұмыстары туралы айтып өтсеңіз...

– «Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту» бағдарламасы аясында 3 653,9 млн теңге қаржы бөлінген. Оның ішінде «Әл-Фараби ауданына су құбыры желілері» жобасына барлығы 240,6 млн теңге қаржыға 16,5 шақырым ауыз су құбыры атқарылады. «Қызылорда қаласы Талдыарал елді мекеніне электр желісі құрылысы» жобасы аясында 43,1 млн теңге қаржыға 7,5 шақырым электр желісі тартылады. Одан бөлек «Бөйтерек тұрғын ауданына ұңғымалар бұрғылаумен су жинағыш салу» жобасына 1 060,1 млн теңге қаржы бөлініп конкурсте отуде.

Сонымен қатар республикалық бюджеттен 1260,3 млн теңге қаржы бөлінді. Бұл қаржыға СПМК-70 мөлтек ауданындағы «Болашақ баубақша» (3,8км), Орбита аумағына (2,4км), Тасбөгет кентіне (25,1км), Эльдейес аумағына (4,6км), Арай-Шұғыла аумағына (9,2км), Ақжарма ауылдық округіне (48,8км), Еңбек аумағына (7,2км), Сабалақ аумағына (27,6км) құрайтын барлығы 128,7 км электр жүйесі жүргізілмек. Ал облыстық бюджеттен Қызылжарма ауылдық

округінде 35 көшеге малтатас төсеу жұмыстарын бастауға 190,0 млн теңге қаржы бөлініп, құрылыс монтаж жұмыстары басталды. Жоба құны 1 531,6 млн теңгені құрайды.

– Қаланы сумен жабдықтау үшін құрылыс бөлімінің атқарар жұмысы қандай?

– «Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту» бағдарламасы аясында 2239,7 млн теңге қаржы бөлініп, 7 жоба іске асырылады. Атап айтқанда «Қызылорда қаласында ағын суларды тазарту қуаты тәулігіне 70,0 млн текше метр биологиялық тазарту станциясын жаңғырту және автоматтандыру» жобасын бастауға 1000,0 млн теңге, «Қыдыров көшесі, Сахи Романов көшесі бойында №12 «Червякова» КСС-ден Шымбай-Сахи Романов көшелерінің қиылысындағы КП-ге дейін қысымдық кәрізді реконструкциялау» жобасына 583,4 млн теңге қаржы бөлінді.

Одан бөлек «Шанхай, Оңтүстік аудандардағы және Тәжібаев көшесінің, Бостандық көшесінің бойындағы су құбыры және кәріз желілерін реконструкциялау» жұмыс жобасы аясында 363,3 млн теңге қаржы бөлінді. Жыл соңына дейін тәуліктің су шығыны, – 21,8 текше метр, су шығыны – 856,8 текше метр сағатына, ағын су шығыны, – 115,28 текше метр су шығыны жұмыстары атқарылады. Қазіргі таңда құрылыс монтаж жұмыстары жүргізілуде.

Ал «Мұратбаев атындағы орталық стадион, «Еуразия» спорткешені, «Сей-хун» институтының су құбыры желісін қайта жаңғырту» жұмыс жобасына 53,2 млрд теңгені құрайтын ипотекалық жұмыстары аяқталды. «Әбілхаир хан-Желтоқсан көшесі бұрышы Желтоқсан көшесінен ҚК-ға, Желтоқсан көшесі №34 темір жол, Қорқыт ата көшесі №15а темір жолдан ҚК-37 ішкі кварталына қайта жаңғырту» жұмысына 36,6 млн теңге қаржы бөлінген.

– Екі ауылдық округте мәдениет үйі салынады деліңіз...

– Иә, «Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту» бағдарламасы бойынша биыл барлығы 574,2 млн теңге қаржы бөлінді. Бұл қаржыға Талсуат және Қарауылтөбе ауылдық округтерінде 150 орындық клуб құрылысы жүргізілуде. Мердігер мекеме ретінде «Өмірзақ» ЖШС танылды.

– Әлеуметтік маңызы зор жұмыстар қатарын атап өтсеңіз...

– Тасбөгет кентіндегі Баймағанбетов көшесінде орналасқан «Өмірлік қиын жағдайда қалған адамдарды қайта әлеуметтендіруге арналған орталыққа» монша салынады. Құрылысқа қалалық бюджеттен 13,6 млн теңге бөлінді. Одан бөлек «Тұрғын үй құрылысын сатып алу» бағдарламасы аясында биылғы жылдың шілде айында облыстық бюджеттен апаттық кезекте тұрған отбасыларға әзірге 1093750 мың теңге қаржы бөлінді. Бүгінгі күні қалалық мемлекеттік сатып алу бөлімі тарапынан Қызылорда қаласында 100 пәтер сатып алуға конкурсте отуде.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Басы 1-бетте

Сұхбатқасқан А.БІРКЕНОВ

ҚЫЗЫЛЖАРМА – кәсібі өркендеген ауыл

Бүгінде Қызылжарма ауылдық округінде халық саны 8641 болса, оның ішінде экономикалық белсенді халық саны – 6019. Ал өзін-өзі жұмыспен қамтығандар саны – 1092, жұмыссыздық деңгейі 0,3 пайыз.

Жыл сайын халық саны артып келе жатқан округте кәсіпкерлік нысандардың да саны көбейіп келеді. Қазіргі кезде Қызылжарма ауылдық округі бойынша 433 кәсіпкерлік нысан тіркелген. Өткен жылмен салыстырғанда биыл жанадан 63 кәсіпкерлік ашылып, 151 адам жұмыспен қамтылды.

Жалпы осы жылдың 10 айында Қызылжарма ауылдық округі бойынша 77 жоба қолдау тауып, барлық қаржы инситуитарынан 153,1 млн теңге қаражат алынған. Оның 58 жобасы «Бастау Бизнес» қайтарымсыз гранты арқылы жүзеге асты. Атап айтқанда, одан 71,1 млн қаражат бөлінді.

Қызылжарма ауылдық округінің әкімі Медет Сейіловтің айтуынша, қала іргесіндегі ауылда коммуналдық сала бойынша ауыз толтырып айтарлықтай жұмыстар жүргізілді. Атап айтсақ, «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында жергілікті бюджеттен бөлінген 7 млн 950 мың теңгеге ауылдық округтегі Сайлыбаев және №4А көшелеріне тас төсеу жұмыстары жасалды. Сондай-ақ қалалық тұрғын үй шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі арқылы Әл-Фараби көшесінен Қарауылтөбеге баратын 1,6 шақырым жолға, Қызылорда жолдары мекемесімен асфальт төсеу жұмыстары жүргізіліп пайдалануға берілді.

Ал «Қызылорда электр тарту тораптары компаниясы» АҚ арқылы шет аймақта орналасқан 12 көшеге 400-ге жуық электр бағаналары мен Қызылжарма-1 және Қызылжарма-2 тұрғын аудандарына 2 жинақтық трансформаторы орнатылды. Осыған орай электр желісін тарту жұмысы жүр-

гізілді. Алдағы уақытта қосымша трансформаторларды орнату жұмыстары жүргізіліп пайдалануға берілмек.

Ерекше айта кету керек, округті аяқ сумен қамтамасыз ету мақсатында 3 дана дренажды су бұрғылау ұңғымасы (скважин) салынды. Сонымен бірге 1 млн 672 мың теңгеге ауылдық округтегі көшелерге 20 дана жол белгілері мен 3 дана жасанды жол кедергілерін салынды.

Сондай-ақ қалалық құрылыс бөлімі арқылы жоба құны 1 млрд 642 млн теңгені құрайтын округтің шет аймағы

– Қызылжарма-1 және Қызылжарма-2 тұрғын ауданындағы 35 көшеге тас төсеу жұмыстарын бастауға осы жылға 190 млн теңге қаралды. Қазіргі кезде аталған сомаға 8 көше мердігер мекеме «УАД» ЖШС тарапынан тас төсеу жұмыстары аяқталды. Ал қалған көшелер келесі жылдың ақпан наурыз айларында бастау алады.

Осы жылдың 10 айдағы қорытындысымен ауылдағы тұрмыс деңгейі аз қамтылған 1066 отбасына атаулы әлеуметтік көмек тағайындалып, жалпы соммасы 181 млн 355 мың теңге

шақырым электр желісін, 24 шақырым ауыз су құбырын, 32 шақырым газ құбырын тартуды қажет етеді. Бүгінде қалалық құрылыс бөліміне аталған аумақта инфрақұрылым жүйесін дамыту мақсатында ұсыныс берілді. Алдағы уақытта ЖСҚ әзірлеу үшін қаражат қарастырылады. Сондай-ақ ауылдық округтегі жол жөндеуді қажет ететін 24 көшеге жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында қаржыландыруға ұсынылды. Бұл жобаның құны – 671 млн теңгені құрайды. Сонымен қатар Р.Батырбаев №2а көпқабатты тұрғын үйді қаріз су желісіне қосуға жақын орналасқан қаріз су құбырына қосу үшін 1,5 шақырым болатын құбыр тарту жұмыстарына жоба-сметалық құжаты әзірленді. Енді оның қаражатын қарастыру көзделуде. Округтегі Р.Батырбаев және Қ.Сексенбаев көшесінің қиылысына бағдаршам орнату, кезекті халықпен кездесу барысында көтерілген еді. Бүгінде оның жоба сметалық құжаттары жасалып қаражатқа ұсыныс берілді. Жоба құны – 9,0 млн теңге, – деді округ әкімі М. Сейілов.



мемлекеттен қаржылай қолдау көрсетілді. Сонымен қатар ауылдағы қайырымдылық шаралары да тұрақты жүргізіліп келеді. Жыл басынан бері қайырымдылық, қамқорлық акциялары аясында және Рамазан айында әлеуметтік жағынан аз қамтылған, көп балалы және жалғыз басты 200-ден аса отбасыға азық-түлікпен көмек көрсетілді.

– Алдағы уақытта жүзеге асыруға жоспарлан отырған негізгі жұмыстар да жетерлік. Ең алдымен қалалық құрылыс бөлімі арқылы жүргізіліп жатқан шет аймақтағы Қызылжарма-1 және Қызылжарма-2 тұрғын ауданындағы қалған 28 көшеге тас төсеу жұмыстарын жалғастыру. Одан кейін округтегі шет аймақ болып саналатын Қызылжарма-1 және Қызылжарма-2 тұрғын ауданына 28



Бүгінде Қызылжарма ауылдық округінде жеке кәсіпкер Сұлтанбек Сексенбаев өз қаражаты есебінен жалпы құны 230 млн теңгені құрайтын спорт кешенін салуда. Қазіргі кезде спорт кешенінің екінші қабатының құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Аталған нысан келесі жылы пайдалануға беріледі. Сонымен қатар жеке кәсіпкер Жәнісбек Бердешов өз қаражаты есебінен жоба құны 25 млн теңгені құрайтын «Green house» жылыжай кешенін осы жылы іске қосты. Ол бүгінде 2 адамды тұрақты жұмыс орынымен қамтып отыр. Желіжайдан маусымда күніне 140 көлге дейін өнім алып, қала, ауыл тұрғындарына ұсынууда.

ӨНЕРІН САҚТАҒАН ЕЛ ӨРКЕНДЕЙДІ

Мәдениет саласы бойынша Қызылжарма мәдениет үйіндегі «Қуаныш» әжелер ансамблінің жетістігін ерекше айтуға болады. Олар Талсуат ауылдық клубының ұйымдастыруымен «Әже көңілді ажары, немере өмірдің базары» атты қалалық әжелер байқауында Бидаш Ермағамбетова немересі Нұрдаулетпен қатысып, жүлделі I орын иеленді. Сондай-ақ Алматы қаласында өткен «Өнерлі елдің өресі биік» атты VIII – Республикалық 50 жас пен 90 жас аралығындағы талантты жандарға арналған өнер байқауында «Қуаныш» әжелер ансамблі «Хормен ән айту» жанры бойынша I орын алды. Сонымен қатар аталған өнер байқауында «Ән салу» жанры бойынша Гүлжан Төшенова II орын, Бибиқадия Рахымжанова III орыннан көрінді. Ал «Дәстүрлі ән» жанры бойынша Гүлжан Иманғалиева I орын, Бидаш Ермағамбетова II орынды қанжығаға байлады. Осылайша Қызылжарма Мәдениет үйіндегі өнер ұжымның жетістігін ерекше айтуға болады.

Ақмарал
ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ

«Алтын сападан» үмітті



ҚР Президентінің «Алтын сапа» сыйлығы жыл сайын өтеді. Байқаудың басты мақсаты – отандық өнімнің сапасын арттыру. Осы тұрғыда компанияларға қойылатын басты критерийлер белгіленген – ұйымның өнім өндіру немесе қызмет сапасы саласында елеулі нәтижелерге қол жеткізуі, өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз етуі, сондай-ақ ұйымның сапаны басқаруда жоғары тиімді әдістерді енгізуі бағаланады.

Қызылорда облыстық кәсіпкерлер палатасы баспасөз қызметінің мәліметі бойынша биыл байқауға қатысу үшін 281 компания өтінім берді. Оның төрттеуі Қызылорда облысының кәсіпорны.

Олар:

- «Азық-түлік тауарларын немесе ауыл шаруашылығы өнімдерін шығаратын үздік кәсіпорны» аталымы бойынша күрші өндірісімен айналысатын «Асыл дән LTD» ЖШС;

- «Өндірістік мақсаттағы үздік кәсіпорын» аталымы бойынша цемент өндіретін «Компания Гежуба Шиели Цемент» ЖШС мен поливинилхлоридтен және томен қысымды полиэтиленнен жасалған құбыр өнімдерін өндіретін «Казхастанская Нефтехимическая Компания Керикал» ЖШС Қызылорда филиалы;

- «Қызмет көрсететін үздік кәсіпорын» аталымы бойынша сүндік қасбине арналған жабықтарды әзірлеу, өндіру, жеткізу, сервистік қызмет көрсету және жөндеу бойынша қызметтер көрсету «Новомет-Казхастан» ЖШС.

Жалпы «Алтын сапа» сыйлығын алуға арналған байқауда сыйлық жыл сайын «Өндірістік мақсаттағы үздік кәсіпорын», «Халық тұтынатын тауарларды шығаратын үздік кәсіпорын», «Азық-түлік тауарларын және ауыл шаруашылығы өнімдерін шығаратын үздік кәсіпорын», «Қызмет көрсету саласындағы үздік кәсіпорын» санаттары бойынша тағайындалады.

БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫНА ҚАНША ҚАРЖЫ ЖҮМСАЛДЫ?

МӘМС жүйесін енгізу балалар денсаулығы профилактикасына және оларды емдеуге көбірек қаражат бөлуге мүмкіндік берді. Бір бала үшін жұмсалатын денсаулық сақтау жүйесінің шығындары 22 пайызға өсті. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында балаларға медициналық көмекке қанша қаражат жұмсалғаны туралы есеп берілді.

Биыл – Балалар жылы. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры қазақстандық балалар МӘМС жүйесінде автоматты түрде сақтандырылғанын еске салды. Олар үшін жарналарды ЖСН алған сәттен бастап кемелетке толғанға дейін мемлекет төлейді. Бұл балаларға ТМККК аясында ғана емес, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакетіне кіретін медициналық көмекті де алуға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында хабарланғанды, емханаларға тіркелген балалар саны жыл сайын артып келеді. 2020 жылы туғаннан бастап 17 жасқа дейінгі 6 млн 290 мыңға жуық, 2021 жылы 6 млн 467 мыңнан астам, ал 2022 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша 6 млн 568 мыңнан астам бала тіркелген.

«Өткен жылы балаларға ТМККК және МӘМС аясында жалпы 350 млрд теңгеге медициналық көмек көрсетілді. Биыл 33%-ға өсім күтілуде. 2022 жылдың 9 айында 324 млрд теңгеге медициналық қызметтер көрсетілді», – деп қор басшылығы атап өтті.

Шығыстардың негізгі үлесін амбулаториялық-емханалық көмек (53%) құрайды. Ағымдағы жылдың 9 айында оған 232 млрд теңге жұмсалды.

Осы кезеңде балалар тәулік бойғы стационарларда 300 мың жағдайда 70 млрд теңгеге жуық, күндізгі стационарларда 39 мың жағдайда 3 млрд теңгеге жуық қаражатқа емделді. Бұдан басқа, ауылдық стационарларда 15 млрд теңгеден астам сомаға 120 мыңға жуық бала ем алды. 2022 жылдың 9 айының



қорытындысы бойынша балаларға жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетуге 768 жағдай бойынша шамамен 3,4 млрд теңге бөлінді.

МӘМС жүйесі енгізілгені медициналық оңалту сынды маңызды бағыт қарқынды дамып келеді. Балалар көрсеткіштері бойынша оңалтуға тегін жіберіледі. Аталған кезеңде тәулік бойғы және күндізгі стационарлар жағдайында 70 мыңға жуық бала 12,6 млрд теңгеден астам қаражатқа емделді.

Сондай-ақ аурулардың алдын алуға көп көңіл бөлінді. Аталған кезеңде балаларды профилактикалық тексеруге шамамен 30 млрд теңге бағытталды. 9 айдың қорытындысы бойынша мектеп медицинасы қызметтері үшін 20 млрд теңге төленді. 9 айдың қорытындысы бойынша күндізгі стационар жағдайында бағдарламалық гемодиализ қызметтері 13 млрд теңгеден астам сомаға көрсетілді. Балаларды амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге 5 млрд теңге бөлінді.

«МӘМС жүйесі халықтың әлеуметтік осал топтарына тегін стоматологиялық көмек көрсетуге мүмкіндік беретіні белгілі. Талдау көрсеткендей, МӘМС бойынша стоматологиялық көмектің негізгі тұтынушылары – балалар. 2022 жылдың 9 айында 25,1 млрд теңгеге 8,8 млн-ға жуық стоматологиялық қызмет көрсетілді», – деп мәлімдеді Қор өкілдері.

Жалпы алғанда, I балаға арналған шығыстар 2021 жылғы 54,1 мың теңгеден 2022 жылғы 65,8 мың теңгеге дейін ұлғайды.

«Ақмешіт-ақпарат»

ТЫЛСЫМ

Бала күнімізде күн күркіреп, найзағай ойнаса далаға шықпауға тырысатынбыз. Өйткені Қыздаркүл есімді нағашы әжем «Әй, бастарыңа жай түседі, шықпаңдар», – деп үнемі ескертіп отыратын. Өзіміз де үлкендерден «Ана жәрден басындағы ағаш найзағай түсіп ортеніп кетіпті» немесе «Бір кісі жай түсіп қаза болыпты» деген әңгімелерді жиі естітіміз.

Негізі найзағай түскен адамдардың бәрі бірдей өле бермейді екен. Галамтор беттерін қарап отырып, мына бір гажайып оқиғаны көзім шалды. 1926 жылы Шри-Ланкада дүниеге келген Тампа Линар есімді дәрігерді жергілікті халық найзағайдан қуат алған адам деп есептейді. Ол кедей отбасында өсіп, кокос жаңғақтарын жинап күнін көрген. Бір күні қатты найзағай тұрып, Тампаға жай оты тиіпті. Ол кезде Линар 20 жасар жігіт екен.

Бұл оқиға будда гивадатханасында болған. Ауылдастары найзағай түскен



жігітке жақындауға қорқарды. Тампа болса үш сағаттай қимылдамай жатып қалады. Найзағайдың отты шарлары ағаш тіреулерді күйдірмей жанап өтіп, мыстан құйылған қоньраулар мен ондаған шағын Будда мүсіндерін ерітіп жіберген. Бір гажайып, мыс ерітінділері жан-жақтан ағып келіп, тырпа ете алмай жатқан Тампаның аяқ астына жиналады да, оның аяқ-қолына жан біткенге дейін сол сұйық күйінде тұрады.

Жас жігіт орнынан тұрып, ауруханаға барғанда күйіктен қалған жарақат орны байқалған. Жұртшылық одан: «Үш сағат бойы қозғалысыз жатқаныңда және ыңыңда отты шарлар кетпей тұрып алғанда не сезіндің?» деп сұрағанда Тампа: «Жаным жай тауып, отты бағанада ұйықтадым» деп жауап берген. Осы сөзден кейін ауылдастары ақша жинап, жас жігітті Коломбоға оқуға жібереді. Тампа университеттің медициналық

факультетін тәмамдап, хирург болып шығады. Осылайша, оқуды аяқтаған Линар өз қыстағына оралады. Көп өтпей Тампа Линардың қатерлі ісіктер мен көздің шешін скальпельмен ғана емес, жалаң қолымен де алып тастау шеберлігін менгерген гажайып маман ретінде аты әлемге жайылады. Ол туралы кітаптар жазылып, фильмдер де түсіріледі.

Токсаныншы жылдары Шиели жақтағы бір ауылда Барласбек деген кісі өмір сүрді. Жұрттың айтуынша, оған да найзағай түскен екен. Бірақ ол кісі емші не дәрігер емес, жұрттан анағұрлым ақылды болып кетіпті. Оның айтқан сөздерін ешкім ұқпағанынан кейін өзімен өзі күбірлесіп, жынанданып кеткен дейді. Сонда найзағай түскен адам ерекше қабілетке ие бола ма? Демек, жай кез келген адамға түсе бермейді деген сөз.

А.БЕК

Қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты №1 кітапханасында Жазушы, әдебиет сыншысы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Бақыт Сарбалаевтың мерейлі 75 жасқа толуына орай «Қазақ әдебиеті – қадірлі тақ, қасиетті мінбер» атты танымдық сағат өтті.

Қазақ әдебиеті – қадірлі тақ, қасиетті мінбер

Ол 1947 жылы 18 мамырда Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Жайылма ауылында туған. Еңбек жолын мектепте мұғалім болып бастаған. 1970 жылы Алматы облысы Іле ауданында «Ильич жолы» газетінде, кейін «Қазақстан мұғалімі», 1974-1978 ж. «Лениншіл жас» («Жас Алаш») газетінде, 1978-1982 жж. «Жалын» журналында, 1982-1986 жж. Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің репертуарлық редакциялық алқасында аға редактор, «Қазақ әдебиеті» газетінде, 1990-1995 жж. «Ана тілі» газетінде бас редактордың орынбасары қызметтерін атқарды. 1995 жылдан «Қазақ елі» газетінің бас редакторы. 2007 жылдан бері – «Сын» әдеби-сын журналының бас редакторы. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы төрағасының мүшесі. Әдеби сын кеңесінің төрағасы. Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы болды.

2007 жылдан Бақыт Тұрсынұлы өзінің бастамасымен «Сын» әдеби журналының негізін қалап, осы бағыттағы басшылық етіп келеді. Қаламгердің «Қызыл алма» әдеби-сын макалаларының жинағы, «Ел мен Елбасы» атты кітаптары шықты. «Ақиқат алдында», «Өткірдің жүзі», «Жиырма бес», «Бес мүшел», «Шандоз сөздің шаһы» секілді әдеби-сын еңбектері оқрман қауым тарапынан жоғары дәрежеде бағаланды. Қызылорда облысы әкімдігінің қолдауымен шыққан көптомдық «Сырдария кітапханасы» сериясымен қаламгердің «Көккесене» әдеби-сын кітабы жарыққа шықты. Сондай-ақ жекелеген шығармалары орыс, өзбек, қырғыз, моңғол тілдеріне аударылған.

Белгілі жазушы, көрнекті әдебиет сыншысы Бақыт Сарбалаевтың жарқын да жан-жақты шығармашылығының жемісті бір қыры – халықтың тілі мен үні, көзі мен сөзі болды.

Айнұр ТАЙЛЫБАЕВА,
№1 кітапхананың аға кітапханашысы

ЕҢБЕК ТҮБІ
ЖЕҢБЕК

Қарапайым отбасы, Тұрушы еді қалада. Етікісі еді әкесі, Көмекші еді бала да. Еңбекпен нан тауып, Мәре - сәре болатын. Елемейтін тентектеу Көршісінің баласын. Тентек бала бір күні «Ей, етікіші» дегені. Ұлан барып жанына, «Бұйымтайын не?» - деді. «Айтшы осы сен өзі, Қашан байып кетесің?, Еңбек етсең деуші еді. Арманына жетесің». «Жұрттың жерде басқанын, Ұстап алып қолыңа Күндіз түні жамайсың, Онер мекен осы да?» Ұлан үнісіз бұрылды, Әкесіне көмекке Жауап тіпті қатпады. Мұның сөзін елеп те. Кенет көрші баласы, Сүрінді оңбай көшеде. Етігінің табаны Жұлынып түсті көшеге. Ойбай салды ұялмай, Қарды қалай басам деп. Бір топ бала күліп тұр. «Мені қушы, қашам» деп. Ұлан келді дауысқа: «Мен етікті тіге алам». Кел, сүйейін қолыңа, Ұят болады, жыламан.» Тез - ақ тігіп әкелді Ұлан жыртық етікті. «Кешір» деді тентек ұл. «Менен қат» кеттігі. «Өнерлі бала екенсің, Сені үлгі егермін. Дос болайық екеуміз, Адал дос боп өтермін».

ҚАНАҒАТ ҚАРЫН
ТОЙҒЫЗАР

Анам бірде базардан Жеміс сатып әкелді. Қылдай бөліп жеңдер деп, Сөмкесінен әперді. Тандап алдым үлкенін, Алманың да, бананын. Ал ініме кішісін, Ата болып сыйладым. Үш-төрт асап жок қылдым, Алма, банан бәрін де. «Таусылды ма сіздікі?», Деді інім келді де. «Иә» дедім ұялмай, Інім берді алмасын, «Мен бананды жей салам, Ала ғой деп ағашым». Бетім кетті дауылдап, Үлкендігім қайда деп. Қанағатсыз болыпшы, Өзімінен артық жеп. Қылдай бөліп жеңдерші, Қарын сонда тояды. Артық жесең ұятың Өзіңді жеп қояды.

«Ұялмаған әнші болады» деген сөз рас-ау. Себебі көбіміздің әншілік «қарырамыз» тым ерте аяқталды. Бастаушы сыныптан кейін менің де дауысымды группаластарым мен үйдегілерден басқа ешкім естімеген. Оқушы кезде жана жылдық концертте жүргізуші де, әнші де өзім едім. Қалаған уақытыңда пойызға билет алып, балалықтың бал дәмі сезілер өткен күндерге орауға мүмкіндік болса, ойлабастан сол мезеттегі қамсыз күйімді қайта кешік келді...

Шамамен 3-сыныпта оқитын кез. Қыздар, ұлдармен бірге мәдениет үйіне барып, домбыра тартып жүретінбіз. Сонмен не керек, кешке үйге асығып жеттім де, кіре салысымен: «Ауылда «Әнші балапан» байқауы өтеді екен. Мен қатысам» дедім. Сөйтсем, бірнеше күннен бері ота жасатуға дайындалып жүрген анам қалаға кетіп қалыпты. Үйде әкем, әжем, әкемнің қарындасы ғана бар. Екі сінлім менен кіші. Олардың бұл байқаумен шаруасы жоқ. Сонда анам 1 апта әлде 10 күндей қалада ауруханада жатты. Ал

Еңбек түбі
жеңбекАЛАҒАСАР
БОЛМАҒДАР

Ермек еніп есіктен, Екілене сөйледі: «Ата, менің сөмкем жоқ, Достарым да ізделді» «Қалдырғансың мектепте, Әкелейің ендеше», Деді атасы жиналды, Қуанды Ермек өзгеше. «Түс алдыма, канекей, Жолын көрсет мектептің. Ауласында қалдырып, Мүмкін, әлде доп тептің?». Атасының алдына Ермек түсті емпеңдеп. Атасы айтты көз сүзіп, «Неге таудай күртен?» деп. «Кел бері» деп ұстады, Таудай болған күртесін. Сөйтсе шінінен асыпты Ізлеп жүрген сөмкесін. Алаңғасар болмаңдар, Ол әуреге салады. Тиянақты болған жан Озып бәйге алады!

ҰЙҚЫ ҰЯТҚА
ҚАЛДЫРДЫ

Терезеден күн күліп, Қарап тұрды Дәуренге. Тұршы енді деп тұрғандай, Ұйқышылысың сен неге? Анасы да дауыстап Шайға міне, шақырды. Әрэн тұрды орнынан, «Кім ұрды деп басымды». «Неге ауырды басым а? Зіп-зілдей боп тұрғаны» Өз-өзінен ойлады Анық деп біреу ұрғаны Әрэн келді үстелге, Кесе-шайнек жайнаған. Тәбеті мүлде болмады, Шайға да бұрк-сарк кайнаған. «Түскі аста ішермін», Деді іштей өзінше. Ас та міне, қайырды, Атасы да ізінше. Сәлден кейін Дәуреннің Шұрылдады қарыны «Түскі ас дайын болды ма?, Берші, ана» - деп жалынды. Күлді анасы жымып: «Жана іштік қой түскі асты, Ұйқыға тоқ шығарың? Күт енді тек кешкі асты». «Таңғы ас екен десем» деп, Мінгірледі Дәурен тек. «Несібемен айырды-ау Ұйқы шіркін, әттен» деп Анасы айтты: «ақыл да, Ұйқыменен кемиді. Таң ба, түс пе жалқаулар, Ажырата білмейді.» Ұйқы арсыз балалар, Бәрін де ұрлап алады. Дос болған жан онымен, Ұятқа осылай қалады.

Бағдагүл НАКИШЕВА,
«Қосымша білім беру
оқу-әдістемелік орталығының»
педагогі

Түлкі мен қасқыр



Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде бір түлкі өмір сүріпті. Түлкі бір күні дала кезіп келе жатып бір тасқа кезігеді де, отырып демалады. Қарап отырмай, рахаттана жүзім жеп отырады. Кенет жанына қасқыр келіп, «Ой, түлкі, мынадай тәтті жемісті қайдан алғаныңды айт», - дейді. Түлкі әкіреңдеген қасқырға қояғып, айтпай қояды. Қасқыр ашуланып: «Өз обалың өзіне, енді сені жеймін», - дейді. Түлкі: «Ой, қасқыр, ойнап отырғаным ғой, әрине, көрсетемін, жүре ғой», - дейді. Қасқырдың ашуы басылып, түлкінің ізіне ереді. Түлкі қасқырды ертіп, қожайыны бар қатал, қарауылы бар баққа кіргізіп жіберіп, өзі қашып кетеді. Қасқыр арсаландап, ашқарақтанып жүзімді жұмалап жула бастайды. Қарауылы қасқырдың үстіне үлкен торды жауып, шап беріп ұстап алады. Бақтың сыртында тұрған түлкі: «Қасқыр, қанағаттың болып, жүзімді жұлып жемей, аздап үзіп жегеніңізді ұсталмас едіңіз» деп мысқылдайды. Қасқыр түлкіге күлкі болғанына қатты өкінді.

Сағынай Ханшайым,
Қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының
«Қазақ тілі» үйірмесінің оқушысы

Қараша, Желтоқсан мен сол бір екі ай...

Құрметті жас достар! Өздеріңізге арналған «Кел, балалар, оқылық!» бетін асыға күтіп жүрген боларсыздар. Ай сайын сіздерді қуантуға, жақсы дүниелерге ұсынуға біз де асықтық. Иә, әлі-міні дегенше, күздің соңғы айының орта шеніне келдік. Абай атамның өлеңінде «Қараша, Желтоқсан мен сол бір екі ай» деп, қыстың да келіп қалғанын меңзейді. Табиғат заңдылығы бойынша қыс мезгіліне кезек беретін қараша айының мінезі құбылмалы болып тұр. Бірде жауынды, бірде жел, бірде ызғар да сезіліп қалады. Жаймауақ жаз күніндегі емінеркін далада ойнайтын сәт артта қалды. Тіршілік атаулының бәрі қыс қамында. Қоңыр күз көрінісі көңілсіз секілді ме? Жо-жоқ, бұл мезгілдің де өз сәні бар. Тіпті нағыз пайдалы уақыт десек қателеспейміз. Жаз күніндегідей асыр салып ойнайтын уақытты пайдалы іске жұмсауға нағыз қолайлы сәт. Жылы да, жарық үйде кітап, газет-журнал оқитын кез енді келгендей. Табиғаттың шеберлігі де сол, жылдың төрт мезгілі теңе-теңдікті сақтауға арналғандай. Жаз бойы асыр салып, секірсең енді оқуға ден қоятын мезгіл де келді. Телефонға үйілмей,

бір сәт кітап оқып, жұмбақ шешіп, өзіңе пайдалы. Ал өлең жазпай есте сақтау қабілетіңді шынықтыра түседі.

Айтпақшы, балалар, өңірде сендер үшін жағымды жаңалық аз болған жоқ. «ASU» баста үйі өздеріңнің сүйікті телеарналарың «Балапан» телеарнасымен бірлесіп, мультфильмдегі кейіпкерлерді боямақ кітапшы етіп шығарды. Кітапшыда белгілі ұстама ал-Фарабидің нақыл сөздерін дәлелдеу туріні алаң да артық болмас. Кітапшыны «Кітап ал» дүкенінен алуға болады. Жақсы жаңалық бұл ғана емес, қараша айы қуанышқа толы болды. Сырбойлық Дидар асық ойнайтын робот ойлап тапты. Керемет емес пе, иә! Ал өздеріңде не жаңалық? Уақытты босқа өткізіп жатпаған боларсыздар. Қандай кітап оқыдыңыздар? Қызықты әңгіме, өлең жазсаңыз, тіпті сыныптағы жақсы жаңалықтар болса да реакцияға хат жазыңыздар! Біз сіздерден асыға хат күтеміз.

РЕДАКЦИЯДАН

ЕҢБЕКТІҢ ТӘТТІ ДӘМІ



Бір күні сабаққа үй тапсырмасын орындамай бардым. Абырой болғанда апай сабақ сұрамады. Үй тапсырмасын орындамағаным болмаса, тақырыпты жалпы түсініп алғанмын. Балалар үй тапсырмасын айттып жатыр. Мен де тез ілесіп, сабаққа белсене кірісіп кеттім. Сол күнгі белсенділігім үшін мұғалімім бес қойды. «Бұйырған кетпейді» деп үлкендер айтпақшы, маған да сол күні бес алу бұйырды. Мұғалімнің кез келген еңбегіңді бағалайтынын түсіндім. Алған бестік бағама шын лайық болу үшін үй тапсырмасын белсене орындап қойдым. Содан соң ғана бестік алғаным шын қуандым. Қуаныштың тәтті дәмі еңбектен ғана сезіледі екен.

Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде бір айдаһар болыпты. Ол анның бәрін үркітіп, алдына келсе жұта беріпті. Бір күні ку түлкі аңдаусызда айдаһардың үңгірінің алдынан өтеді, шап беріп ұстап алған айдаһарға түлкі: «Тух, не деген шапшаң едіңіз, бәре-келді, тез қимылдағаныңызға қарағанда, жұлдыздарды да тез санай аласыз-ау, көрініші», - дейді. Айдаһар: «Әй, түлкі, алдымен сені жеп алайын, содан



Аңдау айдаһар

Ұстаздың ыстық
құшағы

Мен биыл мектеп бітіремін, білім берген ыстық ұярыммен қоштасамын. Мектеп бітіруші түлектердің «мектепті қимаймын, сағынамын» деген сынды сөздеріне бұрын мән бермейтінмін. Енді өзімде дәл сондай қимастық сезім пайда

бола бастады. Ойлап қарасам, мектептегі ұстаздарды қимайды екенмін.

Сынып жетекшім Надира Асанханқызы өте жақсы адам. Ол балаға камкор, білімді, сыпайы, ақкөңіл жан. Біз бір мәселеге тап болсақ, дереу шешімін тауып

беріп, үнемі қолдау көрсетеді. Жүрегіме ұялайтын жылы сөздері қандай керемет! Баламен құрбы, дос бола білетін қасиетін бағалаймыз. Ұстазымын маған жасаған жақсылығын өмірімнің соңына дейін ұмытпаймын. Ол кісімен сырласқан жан өмірге қайта келгендей болады. Өмір сүруге деген, жетістікке жетуге деген құштарлығын артады. Оның кеудесіне қысып, құшағына алған сәт бала күнгі тәтті естелігім болып жадымда жатталып қалады.

Ұстазға зор денсаулық, еңбегіне табыс, ұстаздық қызметіне абырой тілеймін. Мен сізді бала көңіліммен шын жүректен жақсы көремін!

Меруерт ҚОЖАХМЕТ,
Қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының «Қазақ тілі» үйірмесінің оқушысы

«Бұған дейін ешкім жұлдыз санамаған, сіз санап шықсаңыз, мұны мен елге жаямын, сондықтан жаныңызда отырайын, мені жеу қашпас», - дейді. Айдаһар жұлдыз санауға кіресі. Жұлдызды санап тауыса алмай шаршап, ұйқы қысады, сол сәтті пайдаланып, түлкі қашып кетеді. Айдаһар болса, осы күнге дейін жұлдыздың санына жете алмай, әлі санап отыр екен.

Серік НҮРПЕРЗЕНТ,
Қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының «Қазақ тілі» үйірмесінің оқушысы

мен Шәмшінің «әлдилеп аялап» деген қайырмасымен танымал ана туралы әнін айтамын деп шештім. Үйіміздің арасында үй жоқ көршіміз болатын. Менімен жасты қызы бар, бір сыныпта оқимыз, бірге ойнаймыз. Жарыс жарысымен, достығымыз үзінген емес. Дайындығы бар, басқасы бар «Әнші балапанды» анықтайтын межелі мезгіл де жетті. Үміт екеуміз әлемді көйлегімізді киіп күздің алғашқы айында мәдениет үйіне қарай тарттық. Тізім бойынша алдымен оның кезегі. Балалықтың гимніне айналған «Ертегілерді» шыраққа. Өзі сондай көңілді. Бір кезде сахнада тұрған оның айналасына сары жапырақтар шашылды да, күзгі далада жүрген қыздың кейіндегі Үміт қолына қолшатыр ұстап, әнімен бірге әлемді қасналық көрініс жасап шықты. Тура теледидардан көрсететін әншілер сияқты. Әрине, даладан сарғайған жапырақты теріп әкеліп, қолшатырды да, қойылымды да дайындаған - оның жоғары сыныпта оқитын тәтесі мен мамасы.

ЕРТЕГІЛЕР
НЕГЕ МЕНІ ЕРТПЕДІҢДЕР?

Бала жүрегім анамды қатты сағынып, оның қасында болмағанына қатты қынжылдым. Енді менің кезегім. Шықтым да, ана туралы әнді орындадым. Көзіме жас келді. Өйткені залда менің анам жоқ еді. Оның ауырып жатқаны одан сайын жанға батады. Бірақ дәл қазір одан гөрі Үміттің анасы, тәтесі келді, менің де анам болғанда ғой деген ой басымрақ. Әнді жүрегіммен, жақсы орындадым. Алайда сол жылы «Әнші балапан» атана алмадым. Үміт үздік шықты. Мұны көргенде одан сайын көңіл-күйім түсті. Анам сол кеште менімен бірге болмаса да, тәтем мен сінлім қолдап келген еді. Ол кезде сөйлесетіндей сипағанды сезетін смартфон түгіл, қарапайым «нокиа» да жоқ. Өзім қалағандай сахнаға әдемі боп шықпадым. Әнші балапан да болмадым.

Күнде кешке уәделескендей бір уақытта жамырап далаға шығатын мен ойнап келіп, сол жерге құлаған күйі көзіліпін. Түсімде - ертегі әлемде жүрмін. Елде жоқ әншімін. Сахнада қызыл

көйлек пен әдемі жалтыраған туфли киіп, «Ертегілерді» шырақ түр екем. Бәрі қол шапалақтауда, мені жарысып фотоға түсіріп жатыр.

«Жұлдыз, айы - көркем, Әдемі еді неткен! Құстары сөйлейді, Бұлтар тербейді, Мен онып кеттім, әттен! Ертегілер, ертегілер, Неге мені ертпедіңдер?! Әлемдеріңнің ғажап күйін Шертпедіңдер, сендер...»

Аяқ астынан ертегім үзіліп кетті. «Тұра ғой, екі кештің ортасында ұйықтауға болмайды» деп тәтем ертіп жатыр. Есентіреп отырмын. Жай ғана түсім екен ғой. Менің ертегі әлемім.

Түсімде болса да «әнші балапан» атанып, сахнаға шыққаным өзімді бақытты сезініп қалдым. Сол кезден бері түс көруді жақсы көрем... Тек бір ғана сұрақ.

Ертегілер, ертегілер, Неге мені ертпедіңдер?!

Дина БОКЕБАЙ

Меншік несі:

жауапкершілігі
шектелуі серіктестігіБас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВҚызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясыБас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВТелефондар:
Бас редактор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т. Жұргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ-4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификацияланған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келмеуі мүмкін, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баста үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 10-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3737 Тапсырыс №1969

Нөмірдің кезекші редакторы Айтқолын АЙТҚАНОВА